

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

2. African Union. (1969). African Union Convention Governing the Specific Aspects of Refugee Problems in Africa. Available at: <https://au.int/en/treaties/african-union-convention-governing-specific-aspects-refugee-problems-africa>

3. **UNHCR.** *Law and Policy for Protection and Climate Action.* United Nations High Commissioner for Refugees. Available at: <https://www.unhcr.org/what-we-do/build-better-futures/climate-change-and-displacement/law-and-policy-protection>

4. **UNHCR.** *Climate Change and Displacement.* **UNHCR, 2023.** Available at: <https://www.unhcr.org/what-we-do/build-better-futures/climate-change-and-displacement>

5. **UNHCR.** *Solutions* **2023.** Available at: <https://www.unhcr.org/us/what-we-do/build-better-futures/solutions>

6. **UNHCR.** *Promoting Welcoming and Inclusive Societies.* **UNHCR, 2023.** Available at: <https://www.unhcr.org/handbooks/ih/welcoming-inclusive-societies/promoting-welcoming-and-inclusive-societies>

7. **UNHCR.** *Climate Change and Displacement: The Myths and the Facts.* Available at: <https://www.unhcr.org/news/stories/climate-change-and-displacement-myths-and-facts>

8. Feller, E. (2019). *The International Protection of Refugees: A Human Rights Perspective.* Cambridge University Press. pp. 120-140.

УДК 341.226

АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК СТАНДАРТТАРЫ: ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Медетова Мөлдір Болатқызы

medetovamuldir@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Халықаралық құқық» білім бағдарламасының 1 курс
магистранты

Ғылыми жетекшісі – А.Ж. Жунусбекова

Азаматтық авиация — бұл мемлекетаралық және ішкі әуе кеңістігін бейбіт мақсатта пайдалануға негізделген транспорт түрі. XX ғасырдың басында пайда болған бұл сала қазіргі таңда жаһандану мен халықаралық экономикалық байланыстың маңызды элементіне айналды. Алайда оның дамуымен қатар әуе қозғалысының қауіпсіздігі мәселесі де өзекті бола бастады. Ұшудың технологиялық, ұйымдастырушылық және адами факторларына байланысты қауіптері әуел бастан-ақ азаматтық авиацияны қауіпсіздік шараларынсыз елестету мүмкін емес екенін көрсетті. Осы тұрғыда алғашқы қауіпсіздік стандарттарын енгізу қажеттілігі туындады.

Азаматтық авиациядағы қауіпсіздік стандарттарының қалыптасуы кездейсоқ үдеріс емес, нақты тарихи жағдайлардың, технологиялық ілгерілеулер мен халықаралық құқықтық ынтымақтастықтың нәтижесі болды. Ұшақтардың дамуы, жолаушылар санының өсуі, апаттар мен террорлық әрекеттер – мұның бәрі халықаралық стандарттар мен құқықтық механизмдерді қалыптастыруға түрткі болды.

Бұл мақалада азаматтық авиациядағы алғашқы қауіпсіздік стандарттарының қалыптасуына ықпал еткен тарихи алғышарттар мен олардың пайда болу себептері жүйелі түрде талданады. Атап айтқанда, алғашқы халықаралық конференциялар, Париж және

Чикаго конвенциялары, ИКАО-ның (ICAO) құрылуы, 1960–1970 жылдардағы лаңкестік оқиғалардың ықпалы мен олардың халықаралық құқықта көрініс табуы қарастырылады. Сондай-ақ осы стандарттардың бүгінгі күнге әсері мен өзектілігіне баға беріледі.

Азаматтық авиацияның пайда болуы мен алғашқы қиындықтары

Азаматтық авиация XX ғасырдың басында дамып, алғашқы ұшақтармен жолаушылар тасымалдау қызметі басталған кезде әуе қауіпсіздігі мәселесі елеулі болып көрінген жоқ. Алғашқы әуе рейстері көбінесе жеке кәсіпкерлер мен әскери ұйымдар тарапынан ұйымдастырылды, сондықтан ұшу қауіпсіздігі көбінесе техникалық қателіктер мен апаттарға әкеліп соқты. 1910 жылдары авиация саласы әлі жас еді, сондықтан ұшақтар мен әуежайлар инфрақұрылымы жеткіліксіз болғандықтан, қауіпсіздік шаралары да ойластырылған жоқ.

Дегенмен, XX ғасырдың 20-жылдарының соңында және 30-жылдарына қарай азаматтық авиацияның дамуымен қатар, ұшулар санының өсуі авиациялық апаттар мен оқиғалардың санын арттырды. Бұл өз кезегінде әуе қауіпсіздігі мәселелерін халықаралық деңгейде көтеру қажеттілігін тудырды. Осы кезеңде жолаушылар мен жүк тасымалдарының желісі белсенді түрде қалыптасты, бірақ оның дамуы көптеген саяси және техникалық кедергілерге тап болды. Азаматтық авиацияның жаһандық деңгейде қауіпсіз дамуына ықпал ететін тиімді тетікті құру қажеттілігі барған сайын айқындала түсті.

Азаматтық авиацияның жедел дамуына қарамастан, осы кезеңде қауіпсіздік мәселесі әлі де жүйеленбеген болатын. Ұшу кезінде жиі орын алатын техникалық ақаулар, метеорологиялық факторлар, навигациялық құралдардың әлсіздігі және ұшқыштардың тәжірибесінің жеткіліксіздігі – мұның бәрі апаттарға жиі себеп болатын.

Халықаралық реттеудің қажеттілігі және жүйеленбеген тәжірибе

1920–1930 жылдары әлем елдері әуе тасымалын өздігінше реттеп отырды. Әрбір мемлекеттің ұшу стандарттары әртүрлі болды. Бұл халықаралық рейстерде қиындықтар тудырып, қауіпсіздікке қатер әкелді. Тіпті ұшу биіктігі, сигнал жүйелері, радио байланыс талаптары әр елде өзгеше болды. Осы себепті ұшу ережелерін халықаралық деңгейде үйлестіру қажеттігі туындады.

Халықаралық әуе қозғалысын стандарттау мақсатында түрлі халықаралық ұйымдар құрылып, келіссөздер жүргізіле бастады. Бірақ бұл әрекеттер әлі де фрагментарлық сипатта болды. Азаматтық авиациядағы бірыңғай қауіпсіздік жүйесі тек Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылды.

Азаматтық авиация саласында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін халықаралық деңгейде бірегей стандарттарды қабылдаудың қажеттілігі бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін айқындала бастады. 1919 жылы Парижде өткен бейбіт конференциясы барысында әлем мемлекеттері әуе кеңістігін пайдалануды реттеу туралы келісімге қол қойды. Осы конференцияның нәтижесінде Париж конвенциясы қабылданды, ол мемлекеттер арасындағы әуе кеңістігіне қатысты негізгі құқықтық нормаларды белгіледі [1].

Париж конвенциясы әуе тасымалдарының қауіпсіздігі үшін бірқатар маңызды ережелерді енгізді, бірақ әлемдік деңгейде толыққанды жүйе қалыптаспады. Әуе көлігін пайдаланудың үдемелі түрде артуы мен азаматтық авиация саласындағы апаттардың жиілеуі халықаралық қауымдастықтың авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ортақ стандарттар мен ережелер қабылдауға бағытталған іс-шаралар жүргізуін талап етті.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде авиациялық технологиялар орасан зор дамыды. Ұшақтардың жылдамдығы, биіктігі, навигациялық жүйелері мен тасымалдау мүмкіндіктері айтарлықтай жетілді. Бұл техникалық прогресс бейбіт кезеңде азаматтық авиацияны кеңінен пайдалануға жол ашты. Сонымен қатар соғыс кезіндегі ұшу маршруттарының географиясы да кеңейіп, әр түрлі мемлекеттер арасындағы авиациялық қатынастардың құқықтық және техникалық үйлестіру мәселесі өзекті бола түсті.

Соғыс аяқталар шақта халықаралық қауымдастық жаңа, біріздендірілген әуе құқығы жүйесін құру қажеттілігіне келді. Бұл талап тек экономикалық емес, сонымен қатар қауіпсіздік саласында да маңызды рөл атқарды. Өйткені соғыс аяқталғанымен, авиациялық қауіп-қатерлер сақталып тұрды.

Чикаго конвенциясы (1944 ж.) – жаңа кезеңнің бастауы

Екінші дүниежүзілік соғыс әуе көлігінің қызметін халықаралық-құқықтық реттеуді біраз уақытқа тоқтатты. Алайда, 1944 жылы, сол кездегі ең үлкен әуе көлігінің паркіне ие АҚШ-тың бастамасымен Чикагода 1919 жылғы Париж конвенциясының орнына жаңа Конвенция әзірлеу және соғыстан кейінгі кезеңде азаматтық авиация қызметінің негіздерін белгілеу үшін халықаралық конференция шақырылды. Конференция барысында азаматтық авиацияның болашағы, құқықтық негіздері және қауіпсіздік шаралары талқыланып, тарихи маңызы бар құжат – "Азаматтық авиация туралы халықаралық конвенция" немесе қысқаша Чикаго конвенциясы қабылданды.

Бұл құжат азаматтық авиацияны халықаралық деңгейде реттейтін басты құқықтық негіз болып табылады. Конвенция бірнеше маңызды қағидаттарды бекітті:

- Мемлекеттердің ұлттық әуе кеңістігіне толық егемендігі;
- Әуе кемелерінің тіркелуі, ұшу жарамдылығы және ұшқыштардың лицензиялануы сияқты техникалық стандарттарды енгізу;
- Халықаралық ұшулар үшін рұқсат алу тәртібі;
- Халықаралық әуе қозғалысын үйлестіру.

Бұдан бөлек, Чикаго конвенциясы авиациялық қауіпсіздік мәселелерін бірінші кезекке қойды. Құжат преамбуласында: «Азаматтық авиацияны қауіпсіз әрі жүйелі дамыту әлем халықтары арасындағы достықты нығайтуға қызмет етеді» – деп көрсетілді[2].

ИКАО (ИКАО) – халықаралық азаматтық авиация ұйымының құрылуы

Чикаго конвенциясының негізінде 1947 жылы Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (International Civil Aviation Organization – ICAO) құрылды. Бұл ұйым Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы агенттігі ретінде жұмыс істейді. Оның негізгі мақсаты – азаматтық авиация саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету. ИКАО-ның штаб-пәтері Канадада, Монреаль қаласында орналасқан. Ұйымға бүгінде 190-нан астам мемлекет мүше[3].

ИКАО-ның негізгі функциялары:

- Халықаралық стандарттар мен ұсынылатын тәжірибелерді (SARPs – Standards and Recommended Practices) әзірлеу;
- Әуе қозғалысын басқару жүйесін жетілдіру;
- Мемлекеттер арасындағы келіссөздерге құқықтық және техникалық көмек көрсету;
- Авиациялық қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар мен ұсынымдар шығару;
- Ұлттық авиация органдарын оқыту және инспекциялау.

ИКАО-ның маңызды міндеттерінің бірі – халықаралық қауіпсіздік стандарттарын жүйелеу. Осы мақсатта Чикаго конвенциясына қосымша ретінде 19 техникалық қосымша (Annex) дайындалған. Олардың ішінде Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 1974 жылы қабылданған «Авиациялық қауіпсіздік» атты 17-қосымша – қауіпсіздікке тікелей қатысты болып табылады[4].

17-қосымшаның негізгі бағыттары:

- Әуежайларда және ұшақтарда бақылау және тексеру жүйесін енгізу;
- Жолаушылар мен жүк қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Әуе кемелерін басып алу немесе жару әрекеттерінің алдын алу;
- Ұлттық авиациялық қауіпсіздік бағдарламаларын әзірлеу.

Осы Қосымша және басқа да стандарттар арқылы ИКАО ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бірыңғай әдістеме ұсынып, барлық мүше мемлекеттерге міндетті нұсқаулар береді.

Мемлекеттердің міндеттері және ИКАО-мен өзара ара қатынасы

Чикаго конвенциясына сәйкес, әрбір мүше мемлекет өз аумағында азаматтық авиация қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты. Бұл міндет бірнеше деңгейден тұрады:

- Заңнамалық база қалыптастыру;

- Авиациялық билік органдарын құру;
- Авиациялық қауіпсіздік бағдарламасын іске асыру;
- ИКАО стандарттарына сәйкес ұлттық ережелерді бейімдеу.

ИКАО мүше мемлекеттердің авиациялық инфрақұрылымдарын жүйелі түрде тексеріп отырады. Бұл тексерулер Авиациялық қауіпсіздік аудитінің әмбебап бағдарламасы (USAP) және Қауіпсіздікті Қадағалаудың әмбебап Аудиторлық Бағдарламасы (USOAP) аясында жүргізіледі[5].

Осы механизмдер арқылы ұйым әлем елдеріндегі азаматтық авиацияның қауіпсіздік деңгейін бағалап, кемшіліктерді анықтайды және оларды жою жолдарын ұсынады. Бұл – жаһандық авиациялық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тиімді құралдардың бірі.

1960–1970 жылдар: терроризм және халықаралық қауіпсіздік стандарттарының эволюциясы

1960–1970 жылдары әлемде азаматтық авиацияға қатысты лаңкестік әрекеттер күрт өсті. Бұл кезеңде ұшақтарды басып алу, жарылғыш құрылғылар орнату, жолаушыларды кепілге алу сияқты террористік әдістер кеңінен таралды. Мұндай әрекеттердің басты мақсаты – саяси талаптарды мәжбүрлі түрде орындату немесе халықаралық қауымдастыққа назар аударту болды.

Аталған кезеңде ең көп таралған лаңкестік тәсіл – ұшақты күштеп басқа елге бұру немесе жолаушыларды кепілге алып, мемлекеттерден талап қою болды. Осындай оқиғалардың жиілеп кетуі азаматтық авиация қауіпсіздігі жүйесін түбегейлі қайта қарауға мәжбүр етті.

Осы кезеңде қабылданған бірнеше маңызды халықаралық құқықтық құжаттар азаматтық авиация қауіпсіздігін нығайтты:

"Әуе кемелерінде жасалатын қылмыстар мен басқа да актілер туралы" Токио конвенциясында (1963 ж.) ұшақ ішінде тәртіп бұзу, зорлық-зомбылық әрекеттері және ұшақты заңсыз басқару әрекеттері үшін жауапкершілік бекітілді. Әуе кемесінің командиріне заң бұзушыны қамауға алу құқығы берілді.

"Әуе кемесін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы" Гаага конвенциясында (1970 ж.) ұшақ басып алуға қатысты кез келген әрекет қылмыстық деп танылды. Барлық мемлекеттерге қылмыскерлерді ұстап беру немесе соттау міндеті жүктелді.

"Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы" Монреаль конвенциясында (1971 ж.) жарылғыш заттар орнату, ұшақтарды қирату, әуе қозғалысына кедергі келтіру әрекеттері халықаралық қылмыс деп жарияланды. Конвенция лаңкестік әрекеттермен күресте мемлекетаралық ынтымақтастықты күшейтті[6].

Осы үш конвенцияның қабылдануы азаматтық авиацияда қауіпсіздікке байланысты халықаралық қылмыстық жауапкершілікті қалыптастырды. Бұл – авиациялық қауіпсіздік эволюциясындағы маңызды кезең.

ИКАО бұл кезеңде жаңа стандарттар мен ұсынымдарды қабылдап, әуежайлар мен ұшақтарда қауіпсіздік шараларын күшейтті. Атап айтқанда:

- Әуежайларда металл іздегіштер, рентген аппараттары орнатылды;
- Қауіпсіздік қызметкерлері, арнайы оқытылған инспекторлар жүйесі енгізілді;
- Жолаушыларды тіркеу, құжат тексеру, жүкті сканерлеу жүйесі пайда болды;
- Экипаж құрамына қауіпсіздік туралы нұсқаулық беру міндетті шараға айналды.

ИКАО тарапынан қауіпсіздік бойынша кең ауқымды ұсынымдар мен техникалық құжаттар әзірленіп, мүше мемлекеттерге таратылды. Бұл – халықаралық стандарттарды ұлттық деңгейде бейімдеуге мүмкіндік берді.

1970 жылдардан бастап қауіпсіздік тек техникалық міндет емес, тұрақты мәдениет пен басқару жүйесі ретінде қабылдана бастады. Қауіпсіздік мәдениеті ұғымына мыналар кіреді:

- Жауапкершілік пен есептілік;
- Қауіптің алдын алу және басқару;

- Жүйелік талдау мен үздіксіз жетілдіру;
- Персоналдың тұрақты оқуы мен біліктілігін арттыру.

ИКАО-ның бастамасымен мүше мемлекеттерде ұлттық авиациялық қауіпсіздік бағдарламалары (National Civil Aviation Security Programme) дайындалып, бекітілді. Бұл бағдарламалар әр елдің өзіне тән тәуекелдерін ескере отырып, ИКАО талаптарына негізделді.

Жаңа қауіп-қатерлер мен 2000 жылдан кейінгі қауіпсіздік стандарттарының жетілуі

2001 жылғы 11 қыркүйек күні АҚШ-та болған терактілер тарихтағы ең ірі және ең қайғылы авиациялық қауіпсіздік оқиғаларының бірі ретінде есте қалды. Террористер төрт жолаушылар ұшағын басып алып, екеуін Нью-Йорктегі Дүниежүзілік сауда орталығының мұнараларына бағыттады, үшіншісі Пентагонға соғылды, ал төртіншісі жолаушылардың қарсыласуы нәтижесінде Пенсильвания штатында құлады. Бұл оқиға 3000-ға жуық адамның өмірін қиды және бүкіл әлемде азаматтық авиация қауіпсіздігіне деген көзқарасты түбегейлі өзгертті. 11 қыркүйек оқиғасынан кейін халықаралық қауымдастық жедел әрекет етіп, жаңа қауіпсіздік шараларын қабылдады. Атап айтқанда:

- Ұшқыштар кабинасына кіру толықтай шектелді және брондалған есіктер орнатылды.
- Әуежай қауіпсіздігі қызметтері кеңейтіліп, жолаушылардың биометриялық деректері тексеріле бастады.
- Тыйым салынған заттар тізімі қайта қаралып, күшейтілді.
- Авиациялық қауіптерге қарсы ұлттық орталықтар (мысалы, TSA – Transportation Security Administration, АҚШ) құрылды.

Бұл шаралар азаматтық авиацияда проактивті қауіпсіздік стратегиясын енгізуге себеп болды – яғни, қауіп-қатерді болдырмау, алдын алу, талдау арқылы әрекет ету.

2001 жылдан кейін ИКАО өзінің 17-қосымша құжатын қайта қарап, бірнеше рет толықтырды[7].

21-ғасырда қауіпсіздікке төнетін жаңа қатерлер пайда болды. Олардың ішінде:

- Кибершабуылдар (авиациялық жүйелерге бағытталған);
- Дрондардың заңсыз қолданылуы (ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі);
- Ішкі қауіптер – авиация саласындағы қызметкерлер тарапынан заңсыз әрекеттер;
- Биологиялық қауіптер – мысалы, COVID-19 пандемиясы кезінде әуе қатынасында жаңа гигиеналық стандарттардың енгізілуі.

ИКАО бұл жаңа қатерлерге жауап ретінде 17-қосымша мен басқа да нормативтік құжаттарды бейімдеп, мемлекеттермен бірлескен жаттығулар мен оқыту бағдарламаларын іске асыруда.

Қазақстандағы азаматтық авиация қауіпсіздігі: халықаралық стандарттарға бейімделу және даму үрдісі

Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін азаматтық авиация саласында халықаралық талаптарға сай қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруды негізгі міндеттердің бірі ретінде айқындады. 1992 жылы Қазақстан Халықаралық азаматтық авиация ұйымына (ИКАО) мүше болды. Бұл қадам еліміздің авиация жүйесін жаһандық стандарттармен үйлестіруге жол ашты.

Алғашқы кезеңдерде ИКАО талаптарына сай заңнамалық база құрылды, атап айтқанда:

- «Қазақстан Республикасындағы әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» заң (2010 ж.)[8];
- Азаматтық авиация комитетінің құрылуы;
- Мемлекеттік және жеке меншік әуежайлар мен тасымалдаушылар арасындағы құқықтық қатынастарды реттеу.

ИКАО талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама әзірледі және іске қосты. Бұл құжатта:

- Қауіпсіздік жауапкершілігі мен міндеттері;
- Қызметкерлерді оқыту мен аттестациялау тәртібі;
- Әуежайлардағы және әуе кемелеріндегі қауіпсіздік шаралары;
- Жолаушылар мен жүктерді тексеру жүйесі;
- Қауіп төнген жағдайда әрекет ету тәртібі айқындалған.

Сонымен қатар, Авиациялық қауіпсіздік бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасы да қабылданды. Осы бағдарламаның негізгі мақсаты – авиациялық қауіпсіздік шараларын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтық авиация субъектілерінің өз функционалдық міндеттерін сапалы орындауын қолдау болып табылады. Бағдарлама шеңберінде авиациялық қауіпсіздік саласында қабылдау және арнайы даярлықтан өткен қызметкерлердің қатысуымен қауіпсіздік мәдениетін тиісті деңгейде қолдау және одан әрі дамыту көзделеді[9].

Қазақстан халықаралық авиациялық ұйымдармен және көрші елдермен қауіпсіздік саласында белсенді ынтымақтастық орнатуда:

- Еуропа–Азия бағытындағы әуе коридорларында қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ICAO, EASA, ECAC ұйымдарымен бірлескен семинарлар мен тренингтер өткізу;
- Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей елдерімен тәжірибе алмасу.

Азаматтық авиация – жаһандық қозғалыс пен экономикалық даму үшін маңызды инфрақұрылым. Оның қауіпсіздігі адам өміріне, халықаралық тұрақтылыққа және мемлекетаралық сенімге тікелей әсер етеді. Сондықтан азаматтық авиациядағы қауіпсіздік стандарттары үнемі дамып, жаңа қатерлерге жауап беруге бейімделіп отырады.

Азаматтық авиация қауіпсіздігі – бұл тек техникалық немесе құқықтық мәселе ғана емес, бұл – жауапкершілік мәдениеті, халықаралық ынтымақтастық және үздіксіз даму ұстанымына негізделген күрделі сала. Оның дамуы тікелей адам өмірінің қауіпсіздігіне, әуе тасымалының сенімділігіне, және мемлекетаралық қатынастардың тұрақтылығына әсер етеді.

Қазақстан үшін де бұл сала – халықаралық интеграция, инвестициялық тартымдылық және ішкі тұрақтылық көрсеткіші. Сондықтан қауіпсіздік стандарттарын жетілдіру – тек міндет емес, стратегиялық басымдық болуға тиіс.

Осылайша, азаматтық авиациядағы алғашқы қауіпсіздік стандарттарының пайда болу себептері мен тарихи негіздері авиацияның даму процесіне байланысты болды. Әуе тасымалдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған халықаралық келісімдер мен стандарттар авиация қауіпсіздігі саласындағы маңызды кезеңдер болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В. Д. Бордунов. Международное воздушное право; Российский ун-т дружбы народов. - Москва: НОУ ВКШ "Авиабизнес": Науч. кн., 2007.
2. Малеев Юрий Николаевич Международное воздушное право: вопросы теории и практики – Москва: Международные отношения, 1986.
3. Павел Бирюков. Право международных организаций 4-е изд., пер. и доп. Учебное пособие для вузов. 2024
4. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) 17-қосымшасы: *Security – Safeguarding International Civil Aviation Against Acts of Unlawful Interference*, ICAO, Монреаль.
5. ICAO Universal Security Audit Programme (USAP) – Audit Summary Reports, ICAO Portal, 2018–2023.
6. Аслан Абашидзе, Андрей Дементьев, Александр Травников, Петрос Григорян, Евгений Ганенков, Наталия Кислицина, Алёна Эргот, Редион Лули, Филипп Сапрыкин, Александр Баталов. Международное воздушное право 2-е изд., пер. и доп. Учебник для вузов, 2024.
7. Наталия Бойко, Воздушное право. Учебное пособие для вузов; 2020.

8. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» № 339-IV Заңы, 2010 ж.

9. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 1083 бұйрығымен бекітілген «Авиациялық қауіпсіздік бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасы»

УДК 341

РЕГУЛИРОВАНИЕ ВОПРОСОВ ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТРУДЯЩИХСЯ-МИГРАНТОВ В МЕЖДУНАРОДНЫХ СОГЛАШЕНИЯХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Мыктыбаева Диана Ахметовна

Omirzakova.diana@mail.ru

Докторант 1-го курса Юридического факультета по специальности «8D04202 – Международное право», ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – д.ю.н., профессор Сарсембаев М.А.

В сфере регулирования трудовой деятельности трудящихся-мигрантов Казахстан участвует в региональных международных актах, принятых под эгидой Содружества независимых государств (*далее – СНГ*) и Евразийского экономического союза (*далее – ЕАЭС*), заключение которых детерминировано целями углубления экономической интеграции, а также иных актах, где трудовая миграция является одним из направлений сотрудничества.

Казахстан является участником Соглашения о сотрудничестве в области трудовой миграции и социальной защиты трудящихся-мигрантов от 15 апреля 1994 года, заключенное между правительствами Азербайджана, Армении, Беларуси, Грузии, Казахстана (*ратифицировано ПВС РК от 8 сентября 1994 года*), Кыргызстана, Молдовы, России, Таджикистана, Туркменистана, Узбекистана, Украины, который был заключен в реализацию Договора о создании Экономического союза от 24 сентября 1993 года (*далее – Соглашение о сотрудничестве*)[1].

Общими для государств-участников Соглашения о сотрудничестве являются следующие обязательства:

- признание (без легализации) дипломов, свидетельств об образовании, соответствующие документы о присвоении звания, разряда, квалификации и другие необходимые для осуществления трудовой деятельности документы;
- взаимное признание трудового стажа, включая стаж на льготных основаниях и по специальности;
- выдача трудящемуся-мигранту справки или иного документа, содержащего сведения о продолжительности работы и заработной плате ежемесячно в случае его окончательного выезда из страны трудоустройства;
- оформление трудовой деятельности трудовым договором (контрактом) и вручение его трудящемуся-мигранту до его выезда на работу;
- распространение льгот и компенсаций на трудящегося-мигранта в случае расторжения трудового договора в связи с ликвидацией или реорганизацией предприятия (учреждения, организации), сокращением численности или штата работников;